

Мамандық бойынша тест: 1 - пән Дипломатиялық және консулдық қызмет

1. ҚР мемлекеттік тұрақты қызмет құрамында тұрмайтын консулдар:
 - A) Бас консулдар
 - B) штаттағы консулдар
 - C) вице консулдар
 - D) құрметті консулдар
 - E) консулдық агент
 - F) штаттан тыс консулдар

2. ҚР Сыртқы істер министрі болған тұлға:
 - A) О. Сүлейменов
 - B) Т.Тәжібаев
 - C) Т.Сүлейменов
 - D) М.Фазылов
 - E) М.Тәжин
 - F) Қ.Тоқаев
 - G) М.Есеналиев

3. Аккредиттеу:
 - A) бір мемлекеттің белгілі тұлғасын халықаралық ұйымдағы тұрақты өкілдігіне басшы болуына өкілдік беру үдерісі
 - B) банктен алынған кредитті қайта есептеу үрдісі
 - C) белгілі бір тұлғаның қабылдаушы елінде кредит алу үдерісі
 - D) дипломатиялық өкілді тағайындау үдерісі
 - E) БАҚ өкілдерін тіркеу
 - F) шет елдің оқу бағдарламасын кредиттік негізде айқындауы
 - G) академиялық ұтқырлықпен білім алу жүйесі

4. Дипломатиялық құжаттардың мағыналы өзегі:
 - A) құжаттың протоколдық сөз орамы болып табылады
 - B) мәтіндегі деректердің топтамасын білдіреді
 - C) құжаттың пролонгациясын білдіреді
 - D) дипломатиялық құжат мәтінінің негізгі бөліміне жатады
 - E) мәтіннің дәйектеме бөліміне жатады
 - F) дипломатиялық құжат мәтінінің құрамдас бөлігі

5. Америкалық ғалым Дж.Дин тараптардың қызығушылық танытуына қарай

келіссөздерді жіктеуі:

- A) өте мүдделі болатын
- B) қажеттілігін түсіністікпен қарайтын
- C) мүдделі болмайтын
- D) орташа мүдделі болатын
- E) қажеттілігін қанағаттандыратын
- F) қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін

6. Дипломатиялық протокол ережелері сақталынады:

- A) Дипломаттардың жанұясымен серуендеу кезінде
- B) Дипломатиялық өкілдің бейресми кездесулерінде
- C) Дипломатиялық ресми сапар барысында
- D) Дипломаттың жұбайының мерейтойында
- E) Сенім грамотасын мемлекет басшысына тапсыру сәтінде
- F) Дипломатиялық өкілдік басшысын тағайындау барысында

7. Саяси келіссөздердің кең тараған түрлері:

- A) аса жоғары деңгейдегі
- B) жоғары деңгейдегі
- C) төменгі деңгейдегі
- D) бөлім басшыларының деңгейіндегі
- E) атташе деңгейіндегі
- F) орташа деңгейдегі

8. ҚР Президентінің жеке мейманы ретіндегі сапарлар:

- A) Мемлекет басшысының жеке шақыруы бойынша жүзеге асырылады
- B) тараптардың уағдаластығына сәйкес ресімделеді
- C) халықаралық ұйымдардың ұйғарымы бойынша ресімделеді
- D) үшінші елдің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады
- E) тараптардың келісімінсіз жүзеге асырылады
- F) мейманның өз бастамасы бойынша жүзеге асырылады

9. 1998 ж. БҰҰ-ның «Халықаралық келіссөздер жүргізудің қағидалары мен қондырғысы» бойынша:

- A) келіссөздер қуатты елдердің пайдасына сай жүргізілуі қажет
- B) келіссөздер жүргізуде мемлекеттер өзара келісілген деңгейді ұстанулары қажет
- C) экономикалық дамыған елдер дамушы елдердің ішкі саяси ісіне араласа алады
- D) мемлекеттер бір-бірінің ішкі істеріне араласпауы тиіс екендігін растайды
- E) келіссөздер жүргізуде мемлекеттер өзара келісілген деңгейді ұстанулары міндетті емес
- F) келіссөздер әділ түрде жүргізілуі қажет
- G) мемлекеттер талқыланатын мәселеге қатысты уағдаласушы мемлекеттердің мүдделерін ескермеуі тиіс

10. ҚР Сыртқы істер министрлігінің негізгі қызметтері

- A) ҚР аумағында үшінші ел дипломаттарының иммунитетке ие болмауын жүзеге асыру
- B) ҚР жасасқан халықаралық шарттардың депозитарий функциясын жүзеге асыру
- C) дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттердің сақталуын қамтамасыз ету
- D) инвестициялық мәселелермен айналыспау
- E) ҚР халықаралық шарттарын халықаралық ұйымдардың тиісті органдарында тіркеу
- F) халықаралық шарттардың ратификацияланбауын қадағалау